


**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ**



020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы
Сәтпаев көшесі, 1, тел. 8-(7162)-90-31-00
эл. мекен-жайы: edu_obl@aqmola.gov.kz

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

020000, Акмолинская область, г. Кокшетау
ул. Сатпаева, 1, тел. 8-(7162)-90-31-00
эл. адрес: edu_obl@aqmola.gov.kz



**Аудандық (қалалық) білім
бөлімдерінің басшыларына**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2024 жылғы 15 наурыздағы № 3326 хаты негізінде Ақмола облысының білім басқармасы төмендегіні хабарлайды.

Өздеріңіз білетіндей, 2024 жылғы 23 ақпанда ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Қол қойылған Заң шеңберінде білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен балаларды 1-сыныпқа оқуға қабылдау барысында тест немесе конкурс рәсімдерін қолданбау қарастырылған.

Қазіргі уақытта Министрлік «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрықтың жобасын әзірледі және мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберді.

Бұйрық жобасында балаларды гимназиялар мен лицейлердің

1-сыныбына қабылдау кезінде емтихан өткізу нормасы алып тасталды.

Гимназиялар мен лицейлерге 1-сыныпқа қабылдау ата-аналар берген өтініштер тәртібімен жүзеге асырылады. Бұйрық ағымдағы жылдың сәуір айында қабылданады деп жоспарлануда.

Бұл норманы қабылдау барлық балаларға дайындық деңгейіне қарамастан тең мүмкіндіктер береді, 1-сынып оқушыларының тестілеуден, әңгімелесуден, іріктеуден кейінгі психологиялық күйзелісін болдырмайды, конкурстық іріктеу нәтижелеріне қанағаттанбаған ата-аналар өтініштерінің ағынын азайтады.


Жоғарыда баяндалғандар негізінде және 2024-2025 оқу жылында балаларды 1-сыныпқа қабылдау кезінде қоғамдық резонансты болдырмау мақсатында:

- аудандардың (қалалардың) білім бөлімдеріне балаларды 1-сыныпқа қабылдау мәселесін бақылауға қоюды;


- білім беру ұйымдарының (гимназиялар мен лицейлердің) басшыларына балаларды қабылдау рәсімін қайта қарау жөнінде шаралар қабылдау және Жарғылық құжаттарға тиісті өзгерістер енгізу, енгізілетін өзгерістерді түсіндіру бойынша ата-аналар жұртшылығымен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды ұсынамыз.

Қабылданған шаралар туралы білім басқармасына 2024 жылғы 29 наурызға дейін хабарлауды сұраймыз

Басшының орынбасары



Б. Дүйсенова



На основании письма Министерства просвещения Республики Казахстан от 15.03.2024 г. № 3326, Управление образования Акмолинской области сообщает следующее.

Как вам известно, 23 февраля 2024 года Президентом РК К. Токаевым подписан Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам образования, наставничества и безопасности детей».

В рамках подписанного Закона предусмотрен прием детей на обучение в 1 класс без применения тестовых или конкурсных процедур в порядке, определенном уполномоченным органом в области образования.

В настоящее время Министерством разработан и направлен на согласование в заинтересованные государственные органы проект приказа «О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 октября 2018 года № 564 «Об утверждении Типовых правил приема на обучение в организации образования, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования».

Проектом приказа исключена норма по проведению экзаменов при приеме детей в первый класс гимназий и лицеев. Прием в 1 класс гимназий и лицеев будет осуществляться в порядке поданных родителями заявлений. Приказ планируется принять в течение апреля месяца текущего года.

Принятие данной нормы предоставит всем детям равные возможности, не зависимо от уровня их подготовки, исключит психологический стресс первоклашек от тестирования, собеседования, отбора, уменьшит поток обращений родителей, не довольных результатами конкурсного отбора.

На основании вышеизложенного и в целях исключения общественного резонанса при приеме детей в 1 класс в 2024-2025 учебном году рекомендуем:

- отделам образования районов (городов) поставить на контроль вопрос приема детей в 1 класс;

- руководителям организаций образования (гимназий и лицеев) принять меры по пересмотру процедуры приема детей и внести соответствующие изменения в уставные документы, организовать работу с родительской общественностью по разъяснению предстоящих изменений.

О принятых мерах просим проинформировать Управление образования до 29 марта 2024 года.

